

ҚР Президенті Архивінің 2017 жылғы жұмысы бойынша есеп

Ақпараттық технологиялар және электрондық архивті жедел түрде енгізу бағытында деректер базасын жаңарту, сканерленген құжаттарды жүйелеу, тізімдемелердің электрондық көшірмелерін жасау жұмыстары атқарылуда. 2017 жылы 2 млн. 395,5 мың бетте 23 305 істің электрондық көшірмесі жасалды.

«Электрондық архив» ақпараттық-іздеу жүйесінің құрылымдық модульдерін дамыту жалғасуда. Интернет арқылы қашықтағы қолданушылар үшін «Оқу залы» модулі жүйеге қосылды. Оған Архивтің ресми сайтындағы «Е-архив» рубрикасы арқылы қосылуға болады.

Сәуір айында Архивта ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мұрағат ісі және құжаттама департаментінің, «Зерде» ұлттық ақпараттық-коммуникациялық холдингінің өкілдері, орталық мемлекеттік архив мекемелерінің басшыларына «Электрондық архив» жүйесін таныстыру өткізілді. Оның барысында Қазақстанның мемлекеттік архивтерінде ақпараттық технологияларды жасау және енгізудің өзекті мәселелері талқыланды.

Мұндай таныстырулар облыстық архивтер мен ТМД елдері архивтеріндегі әріптестер үшін де өткізіліп, олар архив қызметінің негізгі бағыттарын автоматтандыруға мүмкіндік беретін бұл жобаға жоғары баға берді.

2016–2018 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыс жоспарына сәйкес Архив құжаттар құндылығына сараптама жасау қағидалары мен өлшемдері, құжаттаудың қазіргі кездегі жүйесін ұйымдастыру, жинақтар үшін құжаттарды жинақтарда жариялау үшін археографиялық өңдеу, ақпараттық технологиялар және оларды архивтерде ендіруді ұйымдастыруға қатысты өзекті тақырыптарды теориялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Мамырда Қызылорда қаласында өткен «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық форумында Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесе отырып дайындалған «История Казахстана. Документы и материалы (1917–2012)» хрестоматиясының тұсаукесері өтті. Хрестоматияда Архивте сақтаудағы құжаттар мен материалдар негізінде қазақстандық қоғам дамуының ХХ ғасыр басынан 2012 жылға дейінгі негізгі кезеңдері баяндалған.

Жоғарғы оқу орындары және ғылыми мекемелермен байланыс айтарлықтай ұлғайды. Архив Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлесіп, Орталық Азия өңірінде тұңғыш рет ТМД елдері жас архивистерінің жазғы мектебін өткізді. Шараға Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей архив қызметінің өкілдері қатысты. Дәріскерлер ретінде ресейлік және отандық архив ісінің жетекші ғалымдары мен мамандары қатысты. Жазғы мектеп кезінде теориялық және тәжірибелік сабақтар, пікірталастар, ҚР Президенті Архиві және орталық мемлекеттік архивтер бойынша экскурсиялар өткізілді. Жұмысты қорытындылай келе, қатысушылар мұндай формат архив ісінің теориясы мен тәжірибесін меңгеруде, әріптестермен тәжірибе алмасуға үлкен

мүмкіндік беретінін атап өтті. Шара соңында тыңдаушыларға сертификаттар табысталды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын аралық қорытындылау аясында 2017 жылғы қазанда Архивте «Қазіргі кездегі архив ісі: өзекті мәселелер, тәжірибе, инновациялар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Іс-шараның ашылуында ҚР Президенті Әкімшілігінің Жалпы бөлімінің меңгерушісі М. Жақыпов, АҚШ-тың Алматы қаласындағы Бас консулдығының Баспасөз, мәдениет және білім бөлімінің басшысы Д. Килбург, Бүкілресейлік құжаттану және архив ісінің ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Н. Суровцева, Татарстан Республикасы Архив ісі бойынша мемлекеттік комитетінің төрайымы И. Аюпова сөз сөйледі. Конференция жұмысына Қазақстан, Ресей, АҚШ, Өзбекстан архив мекемелерінің басшылары мен қызметкерлері қатысты. Конференция барысында АҚШ-тың Архив мен құжаттама ұлттық басқармасының жетекші маманы К. Нэйлор «АҚШ-та құжаттаманы басқару: федералдық үкіметтің нормативтік-құқықтық аспектілері» тақырыбында шеберлік сабағын өткізіп, тыңдаушыларға сертификаттар берілді.

Архив директоры Б. Жапаров Атырау, Қызылорда, Өскемен, Семей қалаларына іссапары барысында архив мекемелерінің басшылары және қызметкерлерімен кездесті. Кездесулерде архив саласын ақпараттандырудың өзекті мәселелері, «электрондық архив» жасау және оны ендіру жолдары талқыланып, Архив жұмысының негізгі бағыттары, ғылыми-зерттеу жобалары және бұдан арғы біріккен жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы айтылды.

Жамбыл облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасымен бірлестікте Тараз қаласында «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің өңірлердегі күндері» өткізілді. Архив директоры Б. Жапаров Жамбыл облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткізілген «Ашық қоғамға – ашық архивтер» брифингінде сөз сөйледі. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қызметкерлері шеберлік сағаттарын, әдістемелік семинарлар жүргізіп, онда құжаттарды жинақтау, сақтау, қолдану және ақпараттық ресурстары ұйымдастырудың өзекті мәселелері талқыланды.

Атырау облысының мемлекеттік архивімен бірлестікте Атырау қаласында «Ашық қоғамға – ашық архивтер» тақырыбында республикалық семинар өткізілді. Шараға Атырау облысы әкімдігінің өкілдері, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе облыстары мен аудандық мемлекеттік архивтердің басшылары қатысты. Тәжірибелік семинарда «электрондық архив» құру мәселелері талқыланды.

Архив Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау облысының мемлекеттік архиві, Астана қаласының № 4 мектеп-гимназиясы, Астана қаласының Оқушылар сарайы, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Жамбыл облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Бүкілресейлік құжаттану және архив ісінің ғылыми-зерттеу институты, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс музейімен (Польша) әлеуметтік әріптестік туралы келісімдерге қол қойды.

Архивті жаңа құжат кешендерімен толықтыру бойынша шаралар атқарылды. Мемлекеттік сақтауға 5688 іс қабылданды.

Архивті толықтыру көздерін кеңейту және архивтік қорларды жаңа құжат кешендерімен толықтыруға ерекше назар бөлінді. Құжаттардың ғылыми-тарихи құндылығына мемлекеттік сараптама жасау негізінде толықтыру көздері тізіміне ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімімен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты енгізілді.

Қазіргі күнде бұл тізімде 36 мекеме мен қоғамдық ұйым бар.

Архив құжаттарының құндылығына сараптама жасау және мемлекеттік сақтауға тапсыруға дайындауда 6739 істі қалыптастыру бойынша 18 мекемеге тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсетілді.

Архив дирекциясының отырысында құжаттандыруды ұйымдастыру және архивтік сақтау жағдайын бақылау үшін Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, «Астана» дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету басқармасы» АҚ-ның құжаттандыру мен архивтік сақтауды ұйымдастыру жұмысы туралы есептері тыңдалды.

Архивтің сараптау-тексеру әдістемелік комиссиясының жұмысы ұйымдастырылды. 16 отырыста мекемелер жасаған құжаттар құндылығын сараптау, іс тізімдемелері, номенклатура, сақтау мерзімі көрсетілген тізбелер жайлы 66 мәселе қаралды.

Құжаттауды ұйымдастыру және архивтік сақтау жағдайын бақылау үшін Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықта, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы» ММ, «Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Аппараты» ММ, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі» ЖМ, «Қазақстан Жастар одағы» ЗТБ, «Возрождение» Қазақстан немістері қоғамдық бірлестіктерінің ассоциациясында» 8 тексеріс жүргізілді. «Нұр Отан» партиясы» ҚБ-де жоспарлы тексеріс партия басшылығының сұрауы бойынша 2018 жылға қалдырылды.

Архив ведомстволық архивтік және іс жүргізуші қызметкерлерге 20 семинар өткізді. Архивтің толықтыру көздері болып табылатын барлық мекемелерде Архивпен келісілген іс жүргізу және архивтік сақтауды реттейтін нормативтік құжаттары бар.

Ұлттық архив қорының құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданды. Архивтік құжаттарға қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Сақтандыру қоры үшін 1342 сақтау бірлігіне 171,9 мың микрофиша кадрда микрофильмдеу жүргізілді.

Тарихи-архивтік мұраны әйгілеу бойынша шаралар ұйымдастырылды. Есептік кезеңде 30 тарихи-құжаттық көрме өткізілді: Қазақ спорт және туризм академиясының Спорт және олимпиада даңқ музейімен бірлестікте «Қазақстан спорты Қазақстан Республикасы Президенті

Архивінің құжаттарында», Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен ҚР Ұлттық ғылым академиясының 70 жылдығына орай өткен шарада «Қазақстанның іргелі ғылымының қалыптасу тарихынан» көрмесі, 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай «Бірлік – біздің қасиетті туымыз», Қазақстанның БҰҰ мүшелігіне қабылдануының 25 жылдығына орай ҚР Сыртқы істер министрлігімен бірлестікте «Қазақстан халықаралық аренада», Қазақстан мен Ресейдің арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылуының 25 жылдығына орай «Мәңгілік достық стратегиясы. Қазақстан – Ресей» (құжаттар дайындалып, Росархив және Ұлттық архивтің бірлескен көрмесіне жіберілді), «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында: тарих тағылымы», «Тұран» университетімен бірлестікте «ХШЖК-ден ЭКСПО-ға дейін: ХХ–ХХІ ғғ. Қазақстан экономикасының даму тарихынан», Атырау облысының архивтерімен бірлестікте Атырау қаласында «Алаш қозғалысының 100 жылдығына орай», Саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын еске алу күніне орай Қызылорда облысының архиві және «Қоғамдық келісім» РММ-мен бірлестікте Қызылорда қаласында «Тар жол, тайғақ кешу», ҚР Сыртқы істер министрлігімен бірлестікте «Тәуелсіз Қазақстанның дипломатиялық қатынастары тарихынан», «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы» ММ-мен бірлестікте «Қазақстан және АҚШ: жасампаздық жолындағы ынтымақтастық», Астана күніне орай «Астана келбеті – ұлт келбеті», «Мәңгілік Ел» қайраткерлері: О.Б. Батырбеков» (90 жылдығына орай), Конституция күніне орай ҚР Ұлттық архивімен бірлестікте Астана қаласында «Болашаққа қадам», Алматы қаласының оқушылар сарайымен бірлестікте «Мәңгілік Ел» қайраткерлері: Р. Алшанов» (70 жылдығына орай), АӨСШК құрылуының 25 жылдығына орай Астана қаласында ҚР Сыртқы істер министрлігімен бірлестікте «Қазақстанның Азия және Африка елдерімен ынтымақтастық тарихынан», Ш. Айманов атындағы киностудиямен бірлестікте «Қазақстан кинематографы тарихынан», ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтымен бірлестікте «Қазақстан-2030»-дан «Қазақстан-2050»-ге дейін: жетілген мемлекеттің стратегиялық серпілісі», «Мәңгілік Ел» қайраткерлері: В.Н. Шепель» (70 жылдығына орай), «1917 жылғы Қазақстан: кеңестік кезең басындағы тарихи тұлғалар», «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің жәдігерлері», «Латын графикасындағы Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі құжаттар», «Қазақстан тарихындағы тұлғалар», Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Алматы қаласының музейімен бірлестікте «Елбасы» көрмесі ұйымдастырылды.

Архив құжаттары үлкен сұранысқа ие, олардың көлемі жылдан жылға ұлғайып келеді. Оқу залында зерттеушілерге, архив қызметкерлеріне және анықтама үстеліне 44 мың іс берілді.

Азаматтардың архивтік ақпарат алуға конституциялық құқын қамтамасыз ету және олардың заңды мүддесін қорғауға ерекше көңіл бөлінді. Есептік кезеңде мекемелер мен азаматтардан келіп түскен 383 әлеуметтік-құқықтық және тақырыптық сұраныс орындалды.

Архив сайтында архив қорларының құрамы мен мазмұны туралы ақпарат берудің нәтижесінде соңғы екі жылда келетін зерттеушілердің саны артты. Оқу залына 389 зерттеуші, оның ішінде 18 шетелдік зерттеуші келді.

Құжаттарды ғылыми жариялау бағытында Архив «Из истории депортаций: Казахстан 1940–1945 гг. Книга 3», «Шетелдегі белгілі қазақ тұлғалары: Д. Жаналтай» жинақтары дайындалып, ҚР Президенті Архивінің Қоғамдық кеңесінде талқыланып, баспаға мақұлданды. «Ж. Шаяхметов. 1938–1955», «Из истории депортаций: Казахстан 1945–1956 гг. Книга 4» жинақтарын дайындау бойынша жұмыстар жалғасуда.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары. 2011–2015 жж.» анықтамалығының төртінші басылымын дайындау жалғасты.

Архив имиджін дамыту бойынша жұмыс жүргізілді.

Архив қызметін жүйелі түрде көрсету үшін 2017 жылға арналған медиа-жоспар бекітіліп, ол жүзеге асырылды. Архив қызметін көрсететін ақпараттың саны мен сапасының өскенін атап өту қажет. БАҚ-та Қазақстанның жаңа саяси тарихы, құжаттану және архивтанудың өзекті мәселелері бойынша 345 жарияланым (ақпарат) жарық көрді, олардың ішінде Архив қызметкерлері дайындаған 71 мақала бар. Архивтің іс-шаралары туралы ақпарат Архивтің веб-сайтында жаңалықтар легінде (<http://archive.president.kz/>), Интернет әлеуметтік желілерінде белсенді түрде жарияланады.

Орталық коммуникациялар қызметінің баспасөз орталығында Архив директоры Б. Жапаровтың қатысуымен «Қазақстан Республикасы Президенті Архиві сандық кезеңде: жаңа бағдарлар» тақырыбында баспасөз конференциясы өткізілді. Онда архив саласына ақпараттық технологияларды енгізудің негізгі бағыттары, электрондық архивті жасау және құжаттармен толықтыру технологиясы туралы айтылды.

«Қазақстан», «Хабар», «24KZ», «КТК», «Евразия», «Казспорт» телеарналарында архивтік мұраны насихаттау бойынша Архивтің қызметі туралы сюжеттер көрсетілді.

Ғылыми және мәдени жұртшылықтың қатысуымен республикадағы спорттың қалыптасуы мен дамуына, жеке текті қорлар бойынша анықтамалықтың тұсаукесері, 1 наурыз – Алғыс айту күніне, 9 мамыр – Жеңіс күніне, Саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын еске алу күніне орай, Қазақстан экономикасының даму тарихы - ХШЖК-ден ЭКСПО-ға дейін, Р. Алшановтың, В. Шепельдің 70 жылдығына, С. Құбашевтың, Б. Рамазанованың 90 жылдығына, Б. Әшімовтың 100 жылдығына орай, мемлекеттік тілдің латын графикасындағы бірыңғай стандартын енгізуді талқылау және қолдау бойынша, «1917 жылғы Қазақстан: кеңестік кезең басындағы тарихи тұлғалар – С. Меңдешев, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов», «Қазақстан-2030»-дан «Қазақстан-2050»-ге дейін: жетілген мемлекеттің стратегиялық серпілісі», «Мәңгілік Ел қайраткерлері: суретші Х. Қиқымов» тақырыптарында 25 дөңгелек үстел өткізілді.

Архив әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлесе отырып, студенттер арасында II Архивтану және іс жүргізуді ұйымдастыру бойынша олимпиада өткізді. Олимпиадаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы көпсалалы колледжінің студенттері қатысты. Талапты және озық

студенттерге дипломдар тапсырылды.

ҚР Президенті Архиві ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Архивтер және құжаттама департаменті, Алматы қаласының Орталық мемлекеттік архивімен бірлестікте ІІ Республикалық жас архившілер конкурсын дайындап, өткізуге қатысты. Конкурс жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, еңбек ресурстарының сапасын жоғарылату, іскерлік белсенділігін ынталандыруға, архившілердің кәсіби ортасындағы шығармашылық ахуалды қалыптастыруға бағытталды.

Халықаралық қатынастарды дамыту одан әрі жалғасын тапты. Бұл бағытта Ресей, АҚШ, Корея архивтерімен серіктестік жұмыс белсенді жүргізілді.

28 қаңтар – 8 ақпан аралығында ҚР Президенті Архивінің, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы, ҚР мемлекеттік архивтерінің басшылығы АҚШ Мемлекеттік департаментінің «Ерікті іссапарлар» кәсіби алмасу бағдарламасы аясында АҚШ-тың бірқатар қаласына архив саласының жұмысы мен АҚШ архивтерінде ақпараттық технологияларды ендірудің жаңа бағыттарымен танысу мақсатында барып қайтты.

19–25 маусым аралығында Архив директорының орынбасары Ж. Әбдіқадырова 2016 жылы Корея Республикасының Ұлттық архивімен қол қойылған серіктестік туралы меморандумға сәйкес Сеул қаласындағы құжаттарды басқару бойынша оқу курсына қатысты. Тыңдаушыларға электрондық тасығыштардағы құжаттарды жинақтау және сақталуын қамтамасыз ету, қағаз, дыбыстық-бейнелік тасығыштардағы құжаттарды бұзылудан сақтау әдістері, қағаз құжаттарды қалпына келтіру, Корея архивтеріндегі сақтау инфрақұрылымы бойынша теориялық және тәжірибелік курс берілді. Курс соңында қатысушыларға сертификаттар берілді.

Архивке Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс музейінің (Польша) өкілдері келді. Кездесу барысында ХХ ғ. 30–40 жылдарындағы Қазақстанға күштеп қоныс аударулар тарихына қатысты және Архивтің «Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық әскери тұтқындары» ғылыми-зерттеу жобасының шеңберінде әріптестік жолдары талқыланды.

20–24 қараша аралығында Архив директоры Б. Жапаров, директордың орынбасары Ж. Әбдіқадырова Мәскеу қаласында Бүкілресейлік құжаттану және архив ісінің ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған «Документация в информационном обществе: актуальные проблемы управления электронными архивами» ХХІV халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, баяндама жасады. Конференция шеңберінде ҚР Президенті Архивінің директоры Б. Жапаров және шетелдік архив қызметінің бірқатар басшылары Федералдық архив агенттігінің (Росархив) басшысы А. Артизовпен кездесті.

Ресейлік мемлекеттік қазіргі заман тарихы архивінің (РГАНИ) директоры Н. Томилинамен кездесу өтті. Онда бірлескен жобалар бойынша әріптестік, архив құжаттарын іздестіру, ғылыми-тәжірибелік конференция, құжаттық көрме ұйымдастыру, т. б. мәселелер талқыланды.

1 желтоқсанда Алтай мемлекеттік университетінде (Барнаул қ., Ресей Федерациясы) «Нурсултан Назарбаев и казахстанский путь» құрметті кафедрасының бастамасымен Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің күніне орай шаралар өткізілді. ҚР Президентінің Архиві іс-шараға виртуалды байланыс арқылы қатысып, ҚР Президентінің Архиві директорының құттықтау сөзінің видеосы университет сайтына орналастырылды.

ГФР, АҚШ, Венгрия елшіліктері мен консулдықтарының дипломатиялық қызметкерлерімен және шетелдік зерттеушілермен өткен кездесулер Қазақстан тарихы бойынша тарихи құжаттарды зерттеуге жоғары сұранысты көрсетті. Зерттеушілер Архивтегі жұмысты ұйымдастыру деңгейіне жоғары баға берді.

Кадрмен жұмыс жағдайы.

Наурызда 33 әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер аттестаттаудан өтті. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, Мемлекеттік қызметкерлерді қайта дайындау және біліктілігін арттырудың Алматы өңірлік орталығында, Әкімшілік және ақпараттық технологиялар институтында 6 қызметкер біліктілігін арттыру және қайта дайындаудан өтті.

Архив базасында Ақпараттық және әкімшілік технологиялар институтында мемлекеттік, ведомстволық және жеке архивтердің қызметкерлері үшін архивтану, құжаттану, электрондық архив және ақпарат көздерін қорғау бойынша біліктілігін арттырудың 4 күндік курстары ұйымдастырылды. Есептік кезеңде оқытудың 7 циклы өткізіліп, қатысушыларға сертификаттар берілді.

Архив жанындағы Қоғамдық кеңестің отырыстарында 2016 жылдағы жұмыс нәтижелері, 2017 жылға арналған жоспар, Архивтің құжаттарды сақтау қауіпсіздігі мен архив қорының антитеррорлық қорғанысы бойынша жұмыс, Архивтің ақпараттық-іздеу жүйелерін, әдістемелік жұмысты дамыту бойынша, 2017 жыл нәтижелерін, 2018 жылға арналған жоспарды талқылау өтті.

Қаржыландыру саласында Архив «Архивтік қор сақталуын қамтамасыз ету, баспа өнімдері және оларды арнайы қолдану қызметі» 003 бағдарламасы бойынша 271 475,5 мың теңгені (100%) игерді.

Жалпы 2017 жылғы жоспар табысты орындалды. Жұмыстың 22 түрі бойынша көрсеткіштер артығымен орындалды.